

"Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 13 шілдеде № 23469 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Цой

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2021 жылғы 9 шілдедегі
№ КР ДСМ- 59 бүйрөгымен
бекітілген

**"Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары**

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережесінің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленген және объектінің құрылышына жер учаскесін таңдауға, жобалауға, реконструкциялауға, пайдалануға, сумен жабдықтауға, суды бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, жөндеуге және күтіп-ұстауға, тәрбиелеу мен оқыту, тұру, тамақтану жағдайларына, өндірістік бақылауға, персоналдың еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына, балаларды медициналық қамтамасыз етуге, меншік нысанына қарамастан балалар толық, толық емес, тәулік бойы болатын барлық түрдегі мектепке дейінгі ұйымдардағы (бұдан әрі – МДҰ) және сәбилер үйлеріндегі персоналды медициналық тексеріп-қарауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрөгымен.

2. Осы Санитариялық қағидалар МДҰ және сәбилер үйлеріне (бұдан әрі – объектілер) қолданылады.

3. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Занында көзделген рұқсат беру құжаттары болған кезде объектіні пайдалануға жол беріледі.

4. Объектілерде осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес зертханалық-құрал-саймандық зерттеулер жүргізіледі.

5. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай ұйымдар пайдаланылады:

1) арнайы санитариялық киім (бұдан әрі – арнайы киім) – шикізатты, қосымша материалдарды және дайын өнімді механикалық бөлшектермен, микроорганизмдермен ластанудан және басқа да ластанулардан қорғауға арналған персоналдың қорғаныш киімінің жиынтығы;

2) балалардың ойын алаңы (бұдан әрі – ойын алаңы) – жабдықты және балалардың ойын алаңына арналған жабынды қамтитын балалардың ойынына арналған арнайы жабдықталған аумақ;

3) балалардың ойын алаңдарына арналған жабдық – пайдаланушылар онымен немесе онда жеке немесе топпен өздерінің қалауы және қағидалары бойынша ойнау алатын балалардың ойын алаңында орнатылған жабдық;

4) балалар толық емес уақыт болатын МДҰ – тамақтандыруды және ұйқыны ұйымдастырмай, төрт сағаттан аспайтын уақытқа балалар болатын МДҰ;

5) бракераж – органолептикалық көрсеткіштері бойынша тамақ өнімдерінің және дайын тағамдардың сапасын бағалау;

6) дене тәрбиесі – дені сау, дене бітімі және рухани жағынан жетілген өскелен үрпақты қалыптастыруға бағытталған педагогикалық процесс;

7) жеке медициналық кітапша – жұмысқа жіберілу туралы белгі қойылып, міндettі медициналық қарап-тексерудің нәтижелері енгізілетін дербес құжат;

8) изолятор – инфекциялық науқастарды, сондай-ақ айналасындағыларға эпидемиялық қауіп төндіретін инфекциялық ауруға құдікті адамдарды уақытша орналастыруға арналған үй-жай;

9) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту – балалардың дене, тұлғалық, зияткерлік қасиеттерін дамыту, олардың әлеуметтік жетістігі мен бүкіл өмірінің бойында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті негізгі құзыреттілігін қалыптастыру;

10) мектепке дейінгі ұйымдар – мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған ерекше қызмет түрлерін есепке ала отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың міндettі оқу бағдарламаларын іске асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша қызметтерді көрсететін ұйымдар;

11) оңтайлы микроклиматтық жағдайлар – балаларға ұзақ және жүйелі әсер ету кезінде термореттегіш тетіктерінің көмегінсіз организмнің қалыпты жылу жағдайын сақтауды қамтамасыз ететін микроклиматтың сандық көрсеткіштерінің үйлесімдігі;

12) өндірістік бақылау – өндірілетін өнімнің, дара кәсіпкер немесе заңды тұлға орындастын жұмыстар мен көрсетіletіn қызметтердің адам және оның тіршілік ететін ортасы үшін қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені, оның ішінде зертханалық зерттеулер мен сынақтар;

13) санитариялық-аулалық қондырғылар (бұдан әрі – САҚ) – орталықтандырылған көрізбен байланысы жоқ, объектінің аумағында орналасқан жер үстіндегі бөлігі мен қазылған шұңқыры бар дәретхана;

14) санитариялық қорғаныш аймағы – елді мекендердегі арнағы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ өнеркәсіптік үйымдар мен басқа да өндірістік, коммуналдық және қойма объектілерін жақын жатқан селитебті аймақтардан, тұрғын-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыштардан оларға қолайсыз факторлардың әсерін әлсірету мақсатында бөлөтін аумақ;

15) сәбілер үйі – жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға және өмірлік қызын жағдайда жүрген балаларға, олардың үш жасты қоса алғанға дейін, туғаннан бастап төрт жасқа дейінгі психикалық және дене бітімінің дамуында кемістігі бар балаларға арналған мемлекеттік медициналық үйым;

16) септик – тұрмыстық сарқынды судың аз мөлшерін тазалауға арналған құрылыш;

17) технологиялық жабдық – өндіріс жұмысы үшін қажетті тетіктер, машиналар, құрылғылар, аспаптар жиынтығы;

18) технологиялық карта – тамақ өнімдерінің құрамы, тізбесі мен технологиялық операцияларды қамтитын өндіріс процесін сипаттау көрсетілген тамақ өнімінің атауы бар, тамақ өнімі негізделіп дайындалатын құжат;

19) топтық үй-жайлар (топтық ұяшық) – объектінің бір жас ерекшелік тобындағы балаларына арналған объектінің үй-жайлары;

20) тиімді тамақтандыру – тамақтандырудың физиологиялық және жас ерекшелігі нормаларын ескере отырып, теңестірілген тамақтандыру;

21) топтық оқшаулау – топтарды әкімшілік-шаруашылық, тұрмыстық үй-жайлардан және бір-бірінен оқшаулау;

22) топтардың толықтырылуы – топтағы балалардың нормаланған саны.

2-тарау. Объектілердің құрылышына жер учаскесін тандауға, жобалауға, пайдалануға, реконструкциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

6. Объектілердің құрылышына жер учаскесі "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26447 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № КР ДСМ-2 бұйрығына сәйкес жерусті суларын бұруды қамтамасыз ететін еңістері бар көлік магистралдарынан қашықтықта бөлінеді және тұрғын шағын аудандардың аумақтарында, санитариялық-қорғаныш аймақтарынан тыс орналастырылады.

Ескеरту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көп пәтерлі тұрғын үйлерде, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналастырылатын, балалар толық емес уақыт болатын МДҮ үшін жеке жер участкесі көзделмейді.

8. Объектілердің құрылышына жер участкесін таңдау кезінде алаң "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылым қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Занының 20-бабы 23-16) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылышы және құрылым саласындағы мемлекеттік нормативтер (бұдан әрі – сәулет, қала құрылышы және құрылым саласындағы мемлекеттік нормативтер) талаптарымен айқындалады.

9. Жобалау кезінде объектілердің аумағында балалардың әрбір жас топтары үшін жеке ойын алаңдары көзделеді. МДҮ алаңдарының көлемдері балалардың санына қарай бір орынға кемінде 4 шаршы метр (бұдан әрі – m^2) қабылданады.

10. Әрбір топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін үш жағынан қоршалған кемінде 20 m^2 көлеңке қалқа көзделеді. Көлеңке қалқалардың едені ағаштан болуы көзделеді.

11. Объектілерді жобалау және реконструкциялау кезінде үй-жайлардың жиынты мен алаңы сәулет, қала құрылышы және құрылым саласындағы мемлекеттік нормативтер талаптарына сәйкес жобалауға арналған тапсырмамен айқындалады.

12. Объектілерді жобалау кезінде гимаратта және участкеде әкімшілік-шаруашылық, тұрмыстық үй-жайлардан және бір-бірінен топтық оқшаулау қағидаты сақталады.

13. Объектілерді жобалау кезінде негізгі және қосалқы үй-жайлар көзделеді:

1) жас ерекшелігіне байланысты топтық үй-жайлар – оқшауланған автономды үй-жайлар;

2) мамандандырылған үй-жайлар (музыка, спорт залдары) балалармен сабак өткізу үшін, барлық немесе бірнеше жас топтарының кезекпен пайдалануына арналған;

3) ілеспе үй-жайлар (медициналық, ас блогы, кір жуатын орын) және персоналға арналған қызметтік-тұрмыстық үй-жайлар.

14. Жобалау кезінде МДҮ-ның жас ерекшелігіне байланысты топтық үй-жайларының құрамына киім шешетін бөлме, ойын, жатын бөлмесі, буфет-тарату орны, дәретхана кіреді.

Бұрын қолданыста болған құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттар бойынша жобаланған және қолданысқа енгізілген объектілерді қоспағанда, МДҮ-ның жас ерекшелігіне байланысты топтық үй-жайларының құрамы және олардың ауданы осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес келеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 10.10.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. МДҰ-ды жобалау кезінде сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтер талаптарына сәйкес қозғалатын төсектерді орналастыру үшін қосымша орынның болуы ескере отырып, топтық (ойын) бөлмені жатын бөлмесімен біріктірге жол беріледі.

Балалар толық уақыт болмайтын МДҰ және мектепке дейінгі шағын орталықтарда жалпы киім шешетін орынды орнатуға жол беріледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 10.10.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Объектілер ғимараттарының бірінші қабатында медициналық үй-жайлар және изолятор көзделеді. Изолятордың өтпелі болмауы көзделеді, олардың арасында 1,2 м биіктікте әйнектелген қалқа құрылғысын орнату арқылы медициналық кабинетпен көрші орналастырылады.

17. Ғимараттардың жертөле және цоколдық қабаттарында балалар болатын үй-жайларды және медициналық мақсаттағы үй-жайларды орналастырмайды.

18. Пайдалану режимі шумен қоса жүретін және балаларды алаңдатын, педагогикалық, медициналық, әкімшілік персоналдың жұмысына кедергі келтіретін немесе бұзатын үй-жайларды (сорғы қондырғысы бар бойлерлер, өндірістік үй-жайлар, жөндеу шеберханалары, сорғы бөлімшесі бар салқыннатқыш камералар, желдеткіш камералары, компрессорлық) жатын бөлмелеріне, топтық үй-жайларында, медициналық кабинеттерге көрші, олардың астында немесе үстінде орналастырмайды.

19. Жеке гигиена бөлмелерін, персоналға арналған санитариялық тораптарды әкімшілік үй-жайлар аймағында орналастырылады.

20. Үй-жайларды әрлеу үшін олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары бар құрылыш материалдары пайдаланылады. Рекреацияларда, холлдарда, акт залдарында, әкімшілік үй-жайларда әртүрлі конструкциялық аспалы төбелер қолдануға жол беріледі.

21. Қалыпты режимде жұмыс істейтін үй-жайлардағы қабырғалардың, жабдықтың беті ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндегі тегіс, күңгірт болады.

Ылғалды режимде жұмыс істейтін үй-жайлардың (медициналық мақсаттағы, ас блогы, санитариялық тораптар, кір жуу, жуыну орындар) қабырғаларын кемінде 1,5 м биіктікте, себezгі бөлмелерінде кемінде 1,8 м биіктікте тақтаймен немесе жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға жол беретін басқа да материалдармен қаптайды.

22. Үй-жайлардағы еден ағаш тақтаймен немесе паркетпен жабылады. Едендердің бетіне ылғалды тәсілмен өндеуге және дезинфекциялауға жол беретін синтетикалық полимерлі материалдар, жылы линолеум төсеуге жол беріледі.

Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған болуы тиіс.

Спорт залдың едені ағаштан немесе арнайы жабыны болады.

23. Жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылады және тормен жабылады, терезелерде және жарықтандыру құралдарында қоршау құрылғылары көзделеді.

24. МДҰ-ны жеке тұрған ғимаратта, жеке үй иеліктерінде, көп пәтерлі тұрғын үйдің алғашқы екі қабаттарында, сондай-ақ ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналастырылады.

25. МДҰ-ны көп пәтерлі тұрғын үйдің бірінші қабатында тұрғын үй-жайлар болмаған жағдайда оның екінші қабатына орналастыруға жол беріледі.

Көп пәтерлі тұрғын үйдің алғашқы екі қабаттарында орналасқан МДҰ-ның тұрғын үйдің кіреберісімен біріктірілмеген жеке кіретін есігі болады.

26. МДҰ-ны көп пәтерлі тұрғын үйдің алғашқы екі қабаттарында орналастыру кезінде тұрғындардың тіршілік әрекетінің санитариялық-гигиеналық жағдайларының нашарлауына жол берілмейді (шу, тамақ иісі).

27. Авариялық ғимараттарда және үй-жайлардағы объектілерді пайдалануға жол берілмейді.

28. Объектілерді пайдалану кезінде аумағында бұзылмаған қоршауы болады.

29. Объектілердің аумағында және үй-жайларында олармен функционалдық жағынан байланысы жоқ объектілерді орналастырмайды.

30. Объектінің участкесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыштарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, санитариялық-аулалық қондырғыларға өтетін жолдар асфальтпен, бетонмен немесе тазалауға қолжетімді басқа да қатты жабынмен жабылады.

31. Объектілерді реконструкциялау кезінде осы Санитариялық қағидалардың 6-29-тармағы аралығында көзделген талаптар сақталады.

3-тарау. Объектілерді сүмен жабдықтауға, су бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауаны баптауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

32. Объектілерде орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су, ыстық сүмен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау жарамды жағдайда көзделеді.

33. Объектілер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес бекітілген санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің (бұдан әрі – нормалау құжаттары) белгіленген талаптарына сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз сүмен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Объектілерде ауыз су режимі ұйымдастырылады. Ауыз су, оның ішінде сыйымдылықтарға (графиндерге, шәйнектерге) өлшеп-құйылған және бөтелкедегі су сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Суға арналған кулерлер (диспенсерлер) өндірушінің нұсқаулығына сәйкес тұрақты түрде тазартылады.

Қайнатылған ауыз су үш сағаттан аспайтын уақыт сақталған жағдайда оны пайдалануға жол беріледі.

35. Су ішүү таза ыдысты (шыны, фаянс ыдыс немесе бір рет қолданылатын стақандар) пайдаланады, таза және пайдаланылған ыдыс үшін таңбаланған жеке подностар немесе бір рет қолданылатын ыдысты жинау үшін контейнерлер бөлінеді.

36. Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі болмаған жағдайда ішкі су құбыры мен су бұру құрылғылары бар ауыз су мақсатындағы жергілікті көздерден алынған суды пайдалануға жол беріледі.

37. Экелінетін сумен жұмыс істейтін объектілерде ауыз су қорын сақтауға арналған сыйымдылықтар орналастырылған жеке үй-жай көзделеді. Сыйымдылықтардың таңбалауы ("Ауыз су") болады, апта сайын (және қажеттілігіне қарай) жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, тазалауға және дезинфекциялауға жатады. Ауыз суға арналған сыйымдылықтар басқа мақсаттарда пайдаланылмайды.

38. Ауыз су уақтылы тазартылатын, жуылатын және дезинфекцияланатын, ауыз сумен жанасуға рұқсат етілген материалдардан орындалған арнайы таңбаланған сыйымдылықтармен, арнайы автокөлікпен әкелінеді.

39. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау болмаған жағдайда су жылдықштар орнатылады. Ыстық және сұық су барлық ванналарға, себезгі бөлмелеріне, тұратын орындарындағы, медициналық мақсаттағы үй-жайлардағы қолжуғыштарға, сондай-ақ ас блогындағы араластырғыш қондырғысы бар қажетті технологиялық жабдықтарға тартылады.

40. МДҰ-ны кәрізделмеген және ішінера кәрізделген жерлерде орналастырған жағдайда жергілікті кәріз құрылғысы (шұңқырлар, септиктер) көзделеді. Сарқынды суды қабылдауды гидравликалық бекітпесі (сифон) бар қақпақпен жабдықталған, объекті аумағының шаруашылық аймағында орналастырылатын, уақтылы тазартылып отыратын жерасты су өткізбейтін жалпы немесе бөлек сыйымдылықта (шұңқырда, септиктерде) жүзеге асырады.

Жобаланатын, салынып жатқан және реконструкцияланатын МДҰ-да кәріздендірілмеген және ішінера кәріздендірілген жерде санитариялық тораптар МДҰ ғимаратында орналасады.

41. Қойма үй-жайларында, тұрмыстық үй-жайларда су бұруға арналған кәріз бағандарын сыланған қораптарға салады.

42. Сарқынды суды ашық су айдындарына және іргелес аумаққа ағызуға жол берілмейді.

43. Персоналға арналған САҚ-та жер үсті үй-жайлары мен су өткізбейтін материалдан жасалған қазылған шұңқыры болады.

САҚ-ты жинауды дезинфекциялық құралдарын қолдана отырып күн сайын жүргізеді. САҚ-тың қазылған шұңқырын уақтылы тазалайды.

44. Жылумен жабдықтаудың орталықтандырылған көзі болмаған жағдайда автономды қазандық көзделеді.

45. Жылыту кезеңінде ауаның температурасы нормалау құжаттарынің көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

46. Үй-жайларды табиғи және жасанды жарықтандыру сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес айқындалады. Бір үй-жайда бір типті шамдарды қолданады.

47. Жасанды жарықтандыру көрсеткіштері нормалау құжаттарына сәйкес нормаланады.

48. Объектілердің аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру орнатылады.

49. Объектілердің барлық үй-жайларында табиғи жарықтандыру көзделеді. Мыналарды: коммуникациялық жүйелер үй-жайларына (су құбырлары мен көріз сорғылары, желдету және ауа баптау камералары, бойлер бөлмелері), рекреациялық үй-жайлар болып табылмайтын дәліздерге, фойеге, қоймаларға, мұқеммал тұратын орындарға, дезинфекциялау құралдарын дайындайтын бөлмелерге, киім шешетін бөлмелерге, киім іletін орындарға, себезгі бөлмелеріне, дәретханаларға, ғимараттың инженерлік және технологиялық жабдығын орнату және басқару үй-жайларына және ас блогының өндірістік үй-жайларына табиғи жарықтандырусыз жол беріледі.

50. Топтық және оқу үй-жайларында терезе әйнектерін бояуға жол берілмейді. Жарық ойықтарын реттелетін күннен қорғайтын құрылғылармен жабдықтайды.

51. Истен шыққан шамдар ауыстырылады. Жарамсыз, құрамында сынап бар (жарық диодты, люминесцентті, энергия үнемдегіш) шамдар балалардың қолы жетпейтін жеке үй-жайда сақталады. Истен шыққан құрамында сынап бар шамдарды қоқыс жинағышқа тастауға жол берілмейді.

52. Истен шыққан құрамында сынап бар шамдарды сақтау және шығару объекті басшысының бұйрығымен жауапты адамға жүктеледі.

53. Желдету және ауа баптау жүйелерін пайдалану кезінде нормалау құжаттарының талаптары сақталады.

54. Ас блогында механикалық түрде іске қосылатын желдету көзделеді. Жылу және ылғал бөлу көзі болып табылатын жабдықтың үстінде сыртқа тарту шатырлары көзделеді.

55. Объектілердің ас блогын желдетуге осы Санитариялық қағидалардың талаптарына қайшы келмейтін бөлікте қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын нормалау құжаттарының талаптары қолданылады.

56. Терезелердің конструкциясы балалардың болуына арналған үй-жайларды жылдың кез келген уақытында желдетуді үйымдастыру мүмкіндігін көздейді. Терезелердің эйнектелуі бүтін шыны төсемнен орындалады.

57. Өтпелі немесе бұрыштан желдету балалар болмаған кезде жүргізіледі. Өтпелі желдету дәретхана үй-жайлары арқылы өткізілмейді.

58. Объектілерде нормалау құжаттарына сәйкес оңтайлы микроклиматтық жағдайлар (температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) жасалады.

59. Топтық үй-жайларындағы, сондай-ақ себезгі және спорт зал жанындағы киім шешетін орындардағы, медициналық пункт үй-жайларындағы ауа температурасын бақылау үшін ішкі қабырғаға 0,8 – 1,2 м биіктікте бекітілген термометрлер орнатылады

4-тaraу. Объектілердің үй-жайларын жөндеуге және күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

60. Жыл сайын объектілерде ағымдағы жөндеу жүргізіледі.

61. Объектілер жұмыс істеп тұрған кезде авариялық жағдайларды жою жұмыстарын қоспағанда, курделі және ағымдағы жөндеуді жүргізуге жол берілмейді.

62. Терезелерде, желдету үшін ашылатын желкөздерде, фрамугаларда москит торлары және қорғаныш құлыштары орнатылады.

63. Объектілердің аумағы және қоршау сыртындағы оған іргелес аумақ таза ұсталады.

64. Объектілердің барлық үй-жайлары мен жабдығы таза ұсталады. Медициналық үй-жайларды, ас блогын және дәретханаларды құн сайын дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып тазалайды. Дәретханаларда едендер, есік тұтқалары, крандардың шұмектері, раковиналар және унитаздар күнделікті дезинфекциялануға жатады.

65. Дәретханаларда балаларға арналған унитаздар, жуынатын раковиналар, қол жууға арналған құралдары бар иілмелі шлангісі бар гигиеналық табандық, жеке ұяшықтары бар балалардың орамалдарына арналған қабырғаға ілінетін немесе аспалы ілгіштер, шомылуға арналған ванналар, шаруашылық шкафтары және ағызу жүйесі орнатылады.

66. Персоналға арналған дәретханаларда унитаздар, қолды жууға және кептіруге арналған құралдары бар жуынатын раковиналар, қоқыс жинауға арналған урналар орнатылады.

67. Санитариялық аспаптардың саны мен өлшемі осы Санитариялық қағидаларға З-қосымшаға сәйкес көзделеді.

68. Тұбектер пайдаланылғаннан кейін тазартылады, жуылады және дезинфекцияланады. Таза тұбектер дәретханаларда, жеке таңбаланған ұяшықтарда сақталады. Тұбектерді сулауға арналған сыйымдылықтар таңбаланады.

69. Алты айға дейінгі балаларға арналған сәбилер үйлерінде топтық үй-жайларда манеждер мен құндақтау үстелдері орнатылады. 1 жастан асқан балаларды тамақтандыру аймағын тамақтандыруға арналған үстелдермен жабдықтайды.

70. Сәбилер үйлеріндегі топтардағы құндақтау үстелдері, балалардың жаялық клеенкалары, манеждердің жабыны, ойын жабдықтары құн сайын жуу құралдарын қолдана отырып өндөледі, нәжіспен ластанған жағдайда қосымша дезинфекциялау жүргізеді.

71. Жинау жүргізу үшін нормалау құжаттарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдары пайдаланылады.

Дезинфекциялау ерітінділерін өндірушінің нұсқаулығына сәйкес ертіндіні дайындау құні көрсетіле отырып, таңбаланған сыйымдылықтарда дайындайды. Дезинфекциялау және жуу құралдары, жұмысшы ерітінділері балалардың қолы жетпейтін орындарда сақталады.

72. Жинау мүкеммалы (легендер, шелектер, жөкелер, шүберектер) таңбаланады және жеке үй-жайларға (санитариялық тораптар, медициналық пункт, ас блогының өндірістік үй-жайлары, тамақтану залы, топтық үй-жайлар) бекітіледі, арнайы бөлінген үй-жайларда (орындарда) сақталады. Санитариялық тораптарға арналған жинау мүкеммалының сигналды таңбасы болады.

73. Жыл сайын көктем мезгілінде ойын алаңдарында құмды толық ауыстыру жүргізіледі. Жаңадан әкелінетін құм паразитологиялық, микробиологиялық, санитариялық-химиялық, радиологиялық көрсеткіштер бойынша нормалау құжаттарына сәйкес келеді. Зертханалық зерттеулер нәтижелері нормалау құжаттарына сәйкес келмеген жағдайда құмды кезектен тыс ауыстыру жүргізіледі.

74. Тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған қоқыс жинағыштар шаруашылық аймақтағы үш жағынан қоршалған, тазалауға және дезинфекциялауға жеңіл су өткізбейтін жабыны бар алаңға орнатылады. Қоқыс жинағыштар (контейнерлер) тазаланады, жуылады және дезинфекцияланады.

Көп пәтерлі тұрғын үйдің алғашқы екі қабатында, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналастырылған МДҰ-ның қоқысын жинау үшін тұрғын үйдің ортақ қоқыс салғыштары немесе контейнерлері пайдаланылады.

75. Объектілерде дератизациялау және дезинсекциялау бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Жәндіктердің, кенелердің, басқа да буын аяқтылар мен кеміргіштердің болуына жол берілмейді.

5-тaraу. Объектілерде тәрбиелеу және оқыту жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

76. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұны, МДҰ-ның оқу жүктемесінің ең үлкен көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында белгіленеді.

77. МДҰ-ғы арнаулы топтардың толықтырылуы осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес көзделеді.

78. Сәбилер үйінде тәрбиеленетін балалардың онтайлы саны 100 – 150 баланы құрайды. Топтардың толықтырылуы туғаннан бастап 1,5 жасқа дейін – 10 бала, 1,5 жастан 2 жасқа дейін – 13 бала, 2 жастан 3 жасты қоса алғанға дейін – 20 бала.

79. Серуендер аяа-райы жағдайы ескеріле отырып, күн сайын жүзеге асырылады.

80. Ойын аландарының жабыны денсаулық үшін қауіпсіз (жарақаттануды болдырмайтын) материалдардан көзделеді.

81. Объектілердің жиһазы мен жабдығы балалардың бой-жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Объектілерде ойын, оқу кабинеттері үстелдермен, арқалығы бар орындықтармен жабдықталады

Ойын және спорт аландағы жабдықтар балалардың бойы мен жасына сәйкес келеді, үшкір шығыңқы жерлері мен ақауы болмайды, уақтылы жөндөледі. Жабдықтың бетінің жабыны суға төзімді материалдан көзделеді.

Жабдықтың жиыны, саны және өлшемін объектілердің бейінін, үй-жайлардың ерекшелігін есепке ала отырып көздейді.

МДҰ мен сәбилер үйінің жиһазының негізгі өлшемдері осы Санитариялық қағидаларларға 5-қосымшаның 1, 2-кестелеріне сәйкес белгіленген.

82. Жиһаз, жұмсақ, қатты мүкәммал, жабдық жұмыс жағдайында болады және уақтылы жөндеуге немесе ауыстыруға жатады.

83. Топтардағы киім шешетін бөлмелер сыртқы киімге арналған шкафтармен және орындықтармен жабдықталады.

Балалардың киіміне арналған шкафтарды жеке таңбалайды және бас киімге арналған сөрелермен және сыртқы киімге арналған ілмектермен жабдықтайды.

84. Спорт залдары жанындағы киім шешетін бөлмелер киімге арналған шкафтармен немесе ілгіштермен, орындықтармен жабдықталады.

Спорттық төсеніштердің жабыны тазалауға және дезинфекциялауға болатын материалдардан көздейді.

85. Пайдаланылған ойыншықтарды күн сайын жуу құралдарын қолдана отырып күннің соңында жуады. Ойыншықтарды жууға арналған сыйымдылықты, шүберек пен жөкені таңбалайды.

86. Жұмсақ ойыншықтарды пайдаланғаннан кейін күннің соңында ойыншықтан кемінде 25 см қашықтықта 30 минут бойы бактерицидті сәулелегіштермен дезинфекцияланады.

87. Бөбек жастағы топтарда және медициналық мақсаттағы үй-жайларда жұмсақ ойыншықтар мен пенолатексті түкті ойыншықтар пайдаланылмайды.

88. Балалар үшін сатып алынған өнімдерге (ойыншықтар, аяқкиім, киім, ыдыс, жеке гигиена құралдары, мектеп және жазу құралдары, төсек-орын жабдықтары, парфюмерлік-косметикалық өнім, жиназ) олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар беріледі.

6-тaraу. Балалардың тұру жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

89. Объектілердің жатын бөлмелерін жеке стационарлық кереуеттермен жабдықтайды.

МДҰ және сәбилер үйлеріндегі және бөбек жасындағы (1-2 жастағы) топтардағы жатын үй-жайлары жататын жердің өзгермелі биіктігі еденнен 30 см және 50 см деңгейінде және қоршаудың еденнен биіктігі 95 см болатын төрт жағынан биіктігі 120 см, ені 60 см қоршауы бар манеждермен немесе стационарлық кереуеттермен жабдықталады.

3 – 6 жастағы балалар үшін – ұзындығы 140 см, ені 60 см, биіктігі 30 см. Бүйір жақ қоршауының биіктігін кемінде 15 см-ге азайту мүмкіндігі көзделеді.

90. Мектеп жасына дейінгі (3-6 жастағы) балалардың күндізгі үйқысын стационарлық екі қабатты кереуеттерде, жататын жері қатты жиналмалы кереуеттерде немесе түрлендірілетін (қайырмалы, жылжытылатын, домалатып шығарылатын) кереуеттерде үйымдастыруға жол беріледі.

Жиналмалы немесе түрлендірілетін кереуеттерді пайдаланған кезде оларды сақтау үшін, сондай-ақ төсек жабдықтары мен киім-кешектерді жеке сақтау үшін орын көзделеді.

91. Бір жатын орынға кемінде үш төсек-орын жиынтығының болуы көзделеді.

92. Балалар тәулік бойы болатын МДҰ-да және сәбилер үйлерінде балаларды шомылдыру төсек-орнын, іш киімді және орамалдарды бір уақытта ауыстыра отырып, құнтізбелік жеті күнде бір ретten сиретпей график бойынша жүзеге асырылады.

93. Төсек-орынды, орамалдарды ауыстыру ластануына қарай, бірақ аптасына бір ретten сиретпей жүргізіледі.

Жылына кемінде бір рет төсек-орын жабдықтары камералық дезинфекциялануға жатады.

94. Төсек-орын, киім мен аяқкиім, қатты мүкәммал қорын сақтау үшін қойма үй-жайлары көзделеді.

95. Төсек-орын жабдықтары, орамалдар, жеке гигиена заттары (тіс щеткасы, тарақ, жөкелер) әр балаға жеке бөлінеді. Жеке тіс щеткалары, жөкелер ашық ұяшықтарда сақталады.

96. Төсек-орынды жуу объектінің кір жуатын орнында жүзеге асырылады, ол болмаған жағдайда басқа орталықтандырылған кір жуатын орындарда ұйымдастыруға жол беріледі.

97. Кір жуатын орында таза және лас төсек-орынның қарама-қарсы ағынына жол берілмейді.

Инфекциялық аурумен ауырған науқастардың төсек-орны жуу алдында таңбаланған ванналарда дезинфекциялануға жатады.

7-тарау. Объектілердегі тамақтандыру жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

98. Объектілерде ас блогы көзделеді.

99. Объектілердің ас блогында тұруға, балаларды тамақтандыруды ұйымдастырумен байланысы жоқ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді орындауга жол берілмейді.

